

6D010300-Педагогика және психология мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Боранбаева Ақтолқын Раисбекқызының «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің

П И К И Р I

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Жаһандану дәуірі әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің күшеоюінің көрінісі болғандықтан, білім пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде мұғалімдердің бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың білім беру үдерісіне тигізетін әсеріне тікелей байланысты.

Білім берудің мақсаты - әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі тануға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мұddeлерді үйлестіре біletіn, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсина алы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, ақпараттық сауаттылық, толеранттылық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» дей келіп, білім берудегі басымдықтарға назар аударған.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алатын тұлға болып қалыптасуы үшін кәсіби білім, білік және дағдыларды меңгерген, жоғары кәсіби мотивацияға ие, шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығы қалыптасқан, ұшқыр ойлы, әрі бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Соңғы он жылда инновациялық білім беруді зерттеушілер болашақ мамандардың білімдері мен біліктірінің қалыптасуын ғана емес, оларды практикада қолдану қабілеттерін, нақты жағдайда жаңа өнім жасақтай алу құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі арта түсude. Нәтижесінде іргелі білімді, пәнаралық ұстанымды пайдаланып мәселелерді талдау мен шешу

іскерлігін, әлеуетті өзіне біріктіретін білім берудің жаңа сапасы қажет. Болашақ мұғалімнің тұлғасын дамытудың психологиялық қырларын маман даярлауда басшылыққа алған жөн. Келешектің мұғалімін даярлау күрделі үдеріс, себебі бір жағынан, өз мамандығы бойынша кәсіби пәндердің негіздері жөнінде терең білім берілуіне жағдай жасау, екінші жағынан, оқушының тұлғасын дамытуға бағытталған заманауи білім беру технологияларымен болашақ маманды қаруландыру керек. Бұл мәселені ғалымдар бірнеше ғылыми бағытта қарастыруды.

Осыған орай, ізденуші Боранбаева Ақтолқын Раисбекқызының «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясы бүгінгі күні көкейкесті мәселеге арналған ғылыми-практикалық жұмыс болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, 202 пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады. Жұмыс 173 бетте жазылған, оның ішінде 18 сурет, 10 кесте келтірілген.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарының мазмұны және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні ғылыми теорияларға талдау нәтижесінде нақтыланған;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары жүйеленген;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі дайындалған;
- болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мақсатындағы «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогиканы оқыту әдіснамасы мен әдістемесі» атты оку қуралдары, «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты электронды окулық ұсынылған.

Жалпы, А.Р. Боранбаеваның диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің PhD диссертациясына қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» талаптарына және 6D010300 – Педагогика және психология мамандығына сәйкес келеді.

3. Изденүшінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Изденүшінің зерттеу мақсатына сай алған ғылыми нәтижелерінің тұжырымдары мен қорытындының негізділігі мен шынайылығын оның әдіснамасының теориялық тұрғыда жүйеленуінен, ғылыми аппаратының

логикалық үйлесімділігінен байқалады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталуы, зерттеу әдістерін тиімді пайдалануы, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің іс жүзінде дәлелденуі, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдануы зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және шетелдік импакт-факторы бар журналдарда жариялануы ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесінің жоғары екенине дәлел бола алады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

1. Бірінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа, ізденуші зерттеу жұмысы бойынша шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, диссертацияда «кәсіби өздігінен білім алу» және «болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы», «кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастыру үдерісі» ұғымдарының мазмұны ашып көрсетілген.

2. Екінші ғылыми нәтиже – жаңа, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған, зерттеудің әдіснамалық тұжырлары зерттеу тақырыбының мағынасына сай іріктелген және зерттеудің логикасына негіз болған.

3. Ушінші ғылыми нәтиже - жаңа, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары жүйесі атальыш даярлықты қалыптастыру мақсатында цифровық технологияларды тиімді қолдану арқылы іске асырылған;

4. Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі аясында «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» (жоғары окуорнының студенттері үшін) атты элективті курсының мазмұны мен оны откізуудің әдістері ұсынылған.

5. Бесінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа, болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тиімділігі дәлелденген «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогиканы оқыту әдіснамасы мен әдістемесі» атты оку құралдары, «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты электронды оқулық даярланған және ашық баспада жарық көрген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеудің нысаны мен пәніне толық сәйкес келе отырып, мақсатының, міндеттерінің ішкі бірлікте негізделіп отырғандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігі, әдістемелік құралдарды ұтымды қолдану, зерттеу материалдарының тұтастығы, зерттеу нәтижелерінің ғылыми болжамды растауы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің сандық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігімен, зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік мазмұнының ішкі бірлігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу жұмысының нәтижелері кәсіби білім беру үшін теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде деп санауга болады. Өйткені, мұнда бүгінгі қоғам талабына сай, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру жаһандық дәуір жағдайларына жылдам бейімделе алатын, білікті мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі ретінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы зерделенген.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертациялық жұмыстың қол жеткізген негізгі тұжырымдары мен қорытындылары және қағидалары КР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымда, Scopus базасына енген шет елдік нөлдік емес импактфакторы бар ғылыми журналдар базасында, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған. Докторанттың үш жылдық оқу мерзімінде жалпы саны 13 ғылыми мақаласы жарияланған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының мақсатын жүзеге асыруда элективті курстың әдістемелік кешені өзірленуі, 2 оқу құралы, 1 электронды оқулық жарық көрген. Біз ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесін негіздей алады.

8. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшиліктер.

Ақтолқын Раисбекқызы Боранбаеваның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, өзбетінше орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кейбір кемшиліктер де кездеседі.

1. Зерттеудің теориялық негіздеріне алынған оқу-танымдық әрекет, окужобалық әрекет, жеке тұлғаның субъектілігін қалыптастыру, окушының оқу әрекетін өзбетінше ұйымдастыруы және рефлексия туралы психологиялық-педагогикалық теорияларды нақты жүйелеген жөн.

2. Диссертацияда зерттеу тақырыбына сай көптеген педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге ғылыми шолу жасалған. Айталық, педагогикалық шарттар теориясы жан-жақты әрі қисынды талданған.

Дегенмен, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы мәселесін педагогтың ақпараттық, зерттеушілік және инновациялық құзыреттілігі түрғысынан да сипаттаған жөн болар еді. Сонымен бірге, кәсіби өздігінен білім алудың жаңа формалары ретінде кәсіби жетістіктер протфолиосын, кәсіби өздігінен білім алу мақсатын нақтылайтын интеллект-карталарды көбірек ұсынғанда, зерттеудің теориялық маңыздылығы күшіне тусер еді.

3. Зерттеу мәселесін шешуде рухани адамгершілік білім беруді жүзеге асыруға бағытталған «Өзін-өзі тану» пәнінің әлеуетін пәнаралық байланыс деңгейінде пайдалану диссертацияның практикалық маңыздылығына оң әсерін тигізер еді

Алайда, бұл аталған кемшіліктер ізденушінің диссертациялық жұмысының жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

9. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Ережелер талаптары бойынша диссертация мазмұнының сәйкестігі.

Ақтолқын Раисбекқызы Боранбаеваның диссертациялық жұмысының көкейкестілігінде, алынған нәтижелердің ғылымилығында күмән жоқ. Ізденушінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған, зерттеу міндеттері шешімін тапқан, дәйекті еңбек ретінде бағалауға болады.

Ізденушінің 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын және 6D010300 - педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**педагогика ғылымдарының
докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасының профессоры**

 Ш.Т. Таубаева

РАСТАЙМЫН

әл-Фараби атындағы ҚазУ Ғылыми Адміністрациясы
даярлау және аттесттаттуа басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

